

Тақырып: «Бейбіт күн жасасын әлемде»

Мақсаты: Студенттерді адамгершілікке, Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, оларға патриоттық тәрбие бере отырып, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу.

Өткізілу барысы:

1. Кіріспе
2. «Жеңіс күні» Баяндама
3. Ұлы Жеңіске мың тағзым! (жеңіс туралы әндер, өлеңдер оқу)
4. Ардагерлермен сұхбат
5. Соғыстан қайтқан солдаттар! (көрініс)
6. Отан үшін от кешкендер (университет ардагерлері туралы мәлімет.)
7. Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмайды! (студенттердің шығармашылығы)
8. «Отты жылдар елесің, кітаптан оқып білесің...» (кітап көрмесі)
9. Бейне суреттер «День Победы»
10. Қорытынды

1-Студент: Жеңіс күні 9-мамыр – бүкіл дүниежүзі бойынша үлкен мейрам. Әсіресе, бұл мерекені екінші дүниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығын өз мойнымен көтеріп, Отан үшін от кешіп, соғыстың қанға бөккен даласында қайсарлықпен шайқасқан, Жеңістің туын желбіреткен, Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін ерекше мейрам.

2- Студент: Аз емес зар жылаған, егілген жан,

Аз емес өшкен өмір, төгілген қан.

Кеудеге зілді қасірет салды соғыс.

Қирады талай арман көңілге алған

Ұлы Отан соғысына қатысқан: Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов т.б. және де өз жерлестеріміз де бар.

Ол кісілерге құрметпен бас иеміз. Ал осы бейбіт өмірге жете алмаған, ерлікпен қаза тапқан ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас иіп, еске алайық. Жеңіс туын желбіретуде қан кешіп, кеудесін оққа тосқан боздақтарымызды бір сәт үнсіздікпен еске алайық.

(1 мин үнсіздік)

1- Студент: 1941 жылы 22 маусым күні таң шапағы жаңа ғана арайланып келе жатқан кезде елімізге қауіп төнді. Халқымыз адам айтқысыз қиын – қыстау кезеңге душар болды. Фашистік Германия елімізге опасыздықпен басып кірді.

2- Студент: Ұлы Отан соғысы басталды. Отанымыздың басына ауыр күндер туды.

1- Студент: Қазақстанда соғыстың алдында 6, 2 миллион халық тұратын еді.

Осы жылдары республикамыздан 1 млн. 196 мың 164 адам қару асынып, майданға аттанды. Республикадан еңбек армиясына 700 мың адам жіберілді. Сонда Қазақстаннан соғыс жылдары әскери комиссариаттары арқылы 1 млн. 900 мыңдай адам сапқа тұрды.

2- Студент: Иә, кім де болса өз Отанын қорғауға қашанда дайын. Ұлы Отан соғысы туралы толығырақ мәлімет алу үшін баяндамашыға сөз берейік.

1- Студент: Бұл жылдары жүрегі Отаным деп соққан әр азамат барынша күресе білді. Әрбір азамат өз Отанына деген антын орындап шықты. Олай болса сұрапыл соғыс және елін, жерін қорғаған майдангерлер туралы өлең жолдарын тыңдау үшін оқушыларға сөз берейік!

1- Студент: «Майдангерлер»

2- Студент: «Екеуін де көтерді ол» Ж.Молдағалиев

3- Студент: «Мен соғысты жек көрем!» (Қ.Жұмағалиев)

4- Студент: «Соғыс» Қ.Әбдіқадыров

5- Студент: «Жеңіс күні» Т.Молдағалиев

6- Студент. «Болмасын соғыс»

7- Студент: «Сен құрметте оны»

1- Студент: Қазақ даласы небір төңкеріс, небір көтеріліс, небір жеңіс пен жеңілісті, қызық пен қиындықты өткерді емес пе? Ата – бабаларымыздың осындай ерлігінің бірі – Ұлы Отан соғысындағы жеңісі. Сонау 1941 жылы бейбіт жатқан елге Германия фашизмдері ашқан соғыс қазақ ұлдарын да жалмап, ананы баласыз, баланы әкесіз, әйелді жесір қалдырғаны әрбір адамның жүрегінде.

2- Студент: Бүгінгі бізге қонаққа келіп отырған ардагер ажелеріміздің өмір деректерімен таныс болыңыздар. Ардагерлерге сұрақ қою.

2- Студент: Біздің Қазақстанда да соғыс оты шарпымаған шаңырақ кем де кем. Жүз мыңдаған ата – әкелеріміз соғыстың алғашқы сәтінде – ақ майданға аттанды. Осы қан майданда мерт болған ерлердің рухына, бүгін арамызда асқар таудай болып жүрген аталарымызға басымызды иіп тағзым етейік. Олардың ерлік істерін ешкім де ешқашан да ұмытпауға тиіс.

1- Студент:

Бақыт сыйлап жатады әр күн

Санамызға жарық берген

Әкелері аталардың

Бұл Жеңісті алып келген

Қуантамыз ән сап жұртты,

Келе берсін бақыт таңы.

Жеңіс күнің болсын құтты,

Батырлардың ұрпақтары – деп келесі бөлімімізді оқушылардың жеңіс туралы әндеріне береміз!

2- Студент: Міне, Ұлы Жеңіс күнінің 70 жылдық мерекесі кезекті көктемнің шуақты күнімен келіп отыр. Иә, осынау ұлан-ғайыр даламыз нені бастан кешірмеді дейсіз?

1- Студент: Иә, әрине осындай қиын қыстау кезеңдерді бастан кешіргендегі қазақ халқының еңбекқорлығын, сабырлығын, төзімділігін баса атап айтсақ артық болмас еді.

2- Студент: Көрініс: «Соғыстан қайтқан солдаттар»

1- Студент: Келесі бөлімімізді университетіміздің мұражай меңгерушісіне береміз.

«Отан үшін от кешкендер» (университет ардагерлері туралы мәлімет.)

2-: Студент

Барша халық жеңіс күнін тойлайды,

Жас сәбилер думандатып ойнайды.

Ардагерлер көздеріне жас алып,

Ұрпақтардың амандығын ойлайды.

1- Студент

: Соғыс бітті ... Ауыр да азапты жылдар артта қалды, біздің еліміз бейбітшілікті сүйеді. Ананы – баладан, баланы – анадан айырған сұм соғысқа жол жоқ ...

2- Студент: Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмайды! деген келесі бөліміміз бойынша студенттердің шығармашылығына береміз!

1-Студент: Ұлы Отан соғысы тақырыбын оқырмандарға толық және дұрыс түсінік беретін, майдангерлеріміз туралы, еліміз, жеріміздің тарихы туралы нақты дерек беретін Ұлы Отан соғысы жайында жазылған кітаптар мен естеліктер болып табылады. Осы мақсатпен көрме ұйымдастырылған болатын, ендеше сөз кезегін университетіміздің кітапханашысына берейік.

2-Студент:

Жеңем деген ел сөзін!

Тұрды ажалдан жоғары

Өмір, адам жұлдызы,

Тұрды ажалдан жоғары

Жеңіс туы қырмызы,

Тұрды ажалдан жоғары
Отан, ұрпақ болашақ.
Тұрды ажалдан жоғары
Өмір нұры жарқырап.

1-Студент:

Сарғая күткен ұлы күн
Шұғыласы бүгін жарқ етті,
Бағына талай миллионның
Баянды жеңіс күн жетті
Назарларыңызға «Бейбіт күн жасасын әлемде» деген тақырыпта бейне суреттерді ұсынамыз!

2-Студент:

Елге қауіп төнбесін,
Егестен адам өлмесін!
Есен – аман болайық,
Енді соғыс болмасын!
Өртенбесін туған ел!
Шайқалмасын асқар бел!
Шайқалмасын шалқар көл!

1-Студент:

Жасасын Жеңіс!
Бақытты елім күле бер!
Тәуелсіз болып болашағына жүре бер!
Болмасын соғыс!
Болмасын соғыс!
Болмасын!
Осы тілекпен барша халайық түрегел!

2-Студент: Осымен сіздерге арнаған «Бейбіт күн жасасын әлемде» атты кешіміз аяқталды. Жеңістен жеңіске жетіп жүре берейік! Қатысқан барлық студенттерге алғысымызды білдіреміз!. Жеңіс туымыз көк аспанымызда желбірей берсін!